



# Қазақстанды тыңдай отырып

## 2023 жылғы желтоқсан айында әлеуметтік-экономикалық әл-ауқат туралы жаңартылған ақпарат

Ресейдің Украинаға басып кіруінің жалғасуы, баға деңгейінің ұлғаюы және қатаң жаһандық қаржылық жағдайларға байланысты жоғары тәуекелдерге қарамастан, Қазақстан экономикасы 2023 жылы іс жүзінде 4.9%-ға өсті. Жылдық инфляция деңгейі 2023 жылдың ақпан айында 21.3 пайыздан жыл соңында 9.8 пайызға дейін тұрақты түрде төмендеді, бұл «Қазақстанды тыңдай отырып» атты сауалнаманың респонденттерін алаңдататын басты мәселелердің бірі. Дегенмен, сауалнамаға қатысқандардың төрттен үш бөлігі елдің ұзақ мерзімді экономикалық үрдістеріне оптимистік көзқарас білдірді және бұл көрсеткіш 2023 жыл бойы айтарлықтай тұрақты болды. Мемлекеттік реформаларды қолдайтындардың үлесі 67 пайыз болып қалды. Қоғамның жергілікті экономикалық жағдайға деген көзқарасы бірінші жартыжылдықта айтарлықтай жақсарған және 2023 жылғы екінші жартыжылдықта оптимистік болып қала берді. 2023 жылы респонденттердің көбі 2021 және 2022 жылдармен салыстырғанда бизнесті бастау үшін қолайлы уақыт деп есептеді, бірақ бұл көзқарас жыл соңында өз күшін жоғалтты. Алайда, азаматтар бірқатар алаңдаушылық білдірді. Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 22%-ы өзінің отбасылық жағдайларын төмен деп санайды. Отбасылардың төрттен бірі күтпеген төтенше шығындарды өтей алмайтындарын айтты, мұндай табысы төмен отбасылар бұл үлестің айтарлықтай үлкен бөлігін құрайды. Респонденттердің көпшілігі (тиісінше 92% және 86%) табыс пен байлық теңсіздігіне алаңдаушылық білдірді. Халықтың өз әл-ауқатын қалай қабылдайтынын одан әрі жақсарту үшін осы мәселелерге назар аудару қажет.

### Экономикалық жағдайлар

Жергілікті экономикалық жағдайға деген көзқарас 2023 жылғы бірінші жартыжылдықта айтарлықтай жақсарды. Отбасылардың шамамен 57%-ы өз аймақтарында қолайлы экономикалық жағдайлар туралы 2023 жылғы желтоқсан айының соңына қарай атап өтті, бұл қыркүйекте тіркелген деректерге сәйкес келеді, бірақ өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Жергілікті экономикалық жағдайдың жақсаруы әсіресе 65 жастан асқан адамдар мен табысы жоғары отбасылардан шыққан респонденттер арасында ерекше байқалады. 18 бен 24 жас аралығындағы жас ересектер мен табысы жоғары отбасылар, сәйкесінше 83% және 79%-ы экономикалық жағдайға оптимистік көзқарас білдірді. Дегенмен, Астана мен Алматы сияқты ірі қалалардан келген респонденттер басқа аймақтардың тұрғындарымен салыстырғанда экономикалық жағдайға деген теріс көзқарастарын білдірді.



Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан

national – жалпыұлттық



big cities-ірі қалалар

urban-қалалық

rural-ауылдық

Респонденттердің еңбек нарығына деген сенімі 2023 жылдың соңғы тоқсанында төмендеді. Қазіргі уақыт жұмыс табуға қолайлы деп санайтын респонденттердің үлесі қыркүйектегі 50%-дан желтоқсанда 42%-ға дейін төмендеді. 2023 жылы бизнес бастау үшін қазіргі уақытты қолайлы деп есептейтін респонденттердің үлесі 2021 және 2022 жылдармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды, бірақ 2023 жылғы желтоқсанда бұл көрсеткіш қыркүйектегі 49%-дан 39%-ға дейін төмендеді. Жұмыс пен кәсіпкерлікке деген сенімнің төмендеуі әсіресе ірі қалалар мен қалалық аудандардың тұрғындары, сондай-ақ табыс деңгейі 40%-дан төмен отбасылар арасында ерекше байқалады.

Қаңтар Ақпан Наурыз Сәуір Мамыр Маусым Шілде Тамыз Қыркүйек Қазан Қараша Желтоқсан




## Отбасылардың әл-ауқаты

Сауалнама басталғаннан бері өмірге қанағаттанушылық деңгейі шамамен 70% деңгейінде тұрақты болып қала берді. Бұл деңгейлер әртүрлі демографиялық сипаттамаларға байланысты іс жүзінде өзгермейтінімен, жас топтары арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Жас респонденттер

Сұрақтар мен түсініктемелер бойынша хабарласу: Оберт Пимхидзай ([opimhidzai@worldbank.org](mailto:opimhidzai@worldbank.org))

Метин Небилер ([mnebilier@worldbank.org](mailto:mnebilier@worldbank.org))


өмірге қанағаттану деңгейінің жоғары екенін хабарлайды, ал егде жастағы респонденттерде бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен. Сонымен қатар, респонденттердің көпшілігі отбасыларының әл-ауқат деңгейіне алаңдаушылық білдірді. Респонденттердің шамамен 22%-ы отбасылық жағдайын нашар деп сипаттады, бұл көрсеткіш соңғы 12 айда тұрақты болды. Субъективті кедейлік ауылдық отбасыларда (27%), 45 пен 64 жас аралығындағы отбасыларда (27%) және білім деңгейі төмен адамдарда (25%) жиі кездеседі. Сондай-ақ, қолайсыз жергілікті экономикалық жағдайларды (30%) атап өткен отбасылар арасында субъективті кедейлік деңгейі қолайлы жергілікті экономикалық жағдайлар туралы хабарлағандармен (12%) салыстырғанда жоғары екендігі анықталды.



Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан

- 18-24 жас
- 25-44 жас
- 45-64 жас
- 65+ жас
- жалпыұлттық

Алдыңғы аймен салыстырғанда қаржылық жағдайының төмендеуін байқаған отбасылардың үлесі 2023 жылғы қыркүйектегі 12%-дан 2023 жылғы желтоқсанда 9%-ға аздап төмендеді. Қаржылық жағдай кедейлік деңгейінде маңызды рөл атқарады. 2023 жылдың желтоқсан айында өздерін кедей деп қабылдайтын респонденттердің үлесі қаржылық әл-ауқаты бір деңгейде қалған немесе жақсарған (18%) отбасыларына қарағанда алдыңғы аймен салыстырғанда қаржылық әл-ауқатының төмендеуін (43%) атап өткен отбасылар арасында айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар, отбасылардың төрттен үш бөлігі өздерінің отбасылық бюджеті қолма-қол ақшаны, жинақтарды немесе басқа қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, 4 500 теңге көлеміндегі күтпеген шығындарды өтей алатынын айтты. Мұндай күтпеген шығындарды өтеу мүмкіндігі табыс деңгейі ең төмен отбасылардың 40%-ында өте шектеулі, тек 63%-ы ғана 2023 жылдың желтоқсанында мұндай шығындарды өтей алатынын хабарлады.







Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан

Жоғары 60  
Төмен 40  
жалпыұлттық

## Мемлекеттік саясат

Жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық реформаларды қолдайтындар саны 2022 жылғы желтоқсанда 63 пайыздан 2023 жылғы желтоқсанда 67 пайызға дейін өсті. Бұл көрсеткіштің өсүінде негізінен жас респонденттер (75%), егде жастағы адамдар (75%), ауылдық елді мекендердің тұрғындары (73%), табысы жоғары отбасылар (74%) жетекші рөл атқарады. Азаматтардың үкіметтің қарым-қатынастағы ашықтығын қабылдау деңгейі де аздап жақсарды, 2023 жылғы сәуірдегі ең төменгі көрсеткіш 43 пайыздан 2023 жылғы желтоқсанда 46 пайызға жетті.

Сауалнама барысында байлықтың шоғырлануы мен табыс теңсіздігіне қатысты алаңдаушылықтар байқалды және бұл респонденттердің көпшілігін мазалаған мәселелердің бірі болды. Теңсіздікке қатысты алаңдаушылық 2021 жылы айтарлықтай өсті, ал 2022 және 2023 жылдар бойы жоғары деңгейде қалды. Сауалнамаға қатысқандардың 92 пайызы және 86 пайызы 2023 жылға желтоқсан айында табыс теңсіздігі мен байлық теңсіздігін маңызды мәселе деп санаған, бұл көрсеткіштің сауалнаманың басталған кезімен салыстырғанда сәйкесінше 7 және 14 пайызға өскенін білдіреді. Респонденттердің шамамен 38 пайызы 2023 жылғы екінші жартыжылдықта мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі күш-жігерін жоғары бағалаған. Үкімет реформаларды жүргізуде дұрыс шаралар қабылдап жатыр деген пікірді ұстанатын отбасылардың шамамен 53%-ы үкіметтің сыбайлас жемқорлықпен күресу күштеріне айтарлықтай сенімділік танытады. Үкіметтің реформалау әрекеттерін керісінше құптамайтын отбасылардың тек 10%-ы ғана осы пікірмен келіспейді.



Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан Наурыз Маусым Қыркүйек Желтоқсан

wealth-байлық  
income-табыс